

Өткізілген уақыты: 28 қазан, сағ 11-00.

Іс-шараның мақсаты: Оқырмандардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, әсемдікті сезіну; жас өнерпаздың шығармашылығымен танысу

ОҚО арнайы көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханасында «сауықтыру айлығында» оқырмандарға «Жүректің әні көңілдің сәні» атты мерекелік кеш өткізді. Кешті Е.Бакиев жүргізді. Шығармашылық кеш «Үміт» мектеп-интернатының түлегі, ОҚО саз колледжінің I курс студенті, жас өнерпаз, әнші Бағдәулет Құралдың шығармашылығына арналды. Кеш барысында Б. Құралдың жеткен жетістіктері мен жылделі орындары оқырмандарға көнінен таныстырылды. 2015 жылы Республикалық «Жұлдызай» байқауына қатысып облыстың намысын ту етіп алға көтеріп Астанада өткен додада I орынды иеленді. Ресей жылдызы Диана Гурцкаямен қызыл кілемде жүріп өткен бірнеше облыстық байқауда топ жарды. Кешті «Ауылым» өнімен ашты. Мерекелік кешке қонақ ретінде кітапханамыздың оқырманы Г.Каттабекова «Жауапсыз махаббат» өнін және «Олен» атты қара оленді тарту етті, «Үміт» мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы А.Мұсаева да «Асыл арман», «Земля моя» әндерін орындады. Б.Құрал өзінің шығармашылығынан 10-ға жуық әндерін шырқады. Кеш жүргізушісі Е.Бакиев қорермендер қатарында қонақ болып отырған Б. Құралдың ұлағатты ұстазы С.К.Зеренбаеваға сөз кезегін ұсынды. Сөз алған ұстаз шәкіртіне ақ жол және биіктерден қорінуіне тілек білдірді. Мерекелік кешті жас әнші «Жаса казак» өнімен қорытындылады. Кеш сонында іс-шаралардың тұрақты оқырманы Н.Жұмағұлов жас талапты өнерпазға ағалық ақ батасын берді. Арнайы кітапхананың тифло бөлім меңгерушісі Л.Абжаппарова жас өнерпазға алғыс хат және бағалы сыйлық табыс етті. «Өн өлемінде халықтап, өнердің көгінде азаттық танында еркіндікте шарықтай бер» деген тілекпен мерекелік сауықтыру кеші аяқталды.

«Жүректің әні көңілдің сәні» (II-топ көз мүгедегі Құрал Бағдәулеттің шығармашылық кеші)

Авторлар: specbib

30.10.2015 14:45 - Жанартылған 30.10.2015 17:20
